


ТАНЫСЫҢЫЗ, ӘСКЕРИ КАФЕДРА

2016-2017 оқу жылындағы жағымды жаңалықтың бірі - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде әскери кафедраның ашылуы. Қазан айының 1-ші жұлдызынан бастап кафедраға қабылданған жүз курсант сабақтарына кірісіп кетті.



6-бетте

Студенттер қосымшасы



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

#4 (70)
11 қараша 2016 жыл



АРМАНЫҢ АҚ ЖЕЛКЕНІ Студенттер қатарына қабылдау-2016

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің мәдени-спорттық кешенінде 2016 жылдың 28 - қазаны күні «Студенттер қатарына қабылдау - 2016» салтанатты шарасы болып өтті. Салтанатты шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Сәрсенбай Еңсегенов, халықаралық «Шабит» фестивалінің, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты ақын Қалқаман Сарин, Қазақстанға еңбегі сіңген спортшы, бокстан КСРО-ның бес дүркін чемпионы, оқу орнының 1991 жылғы түлегі Болат Теміровтер арнайы келіп, Атырау университетінің 1-ші курс студенттеріне өздерінің жүрек жарды ақ тілектерін арнады.

Салтанатты шара Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры университетінің ректоры міндетін атқарушы, химия ғылымдарының докторы, профессор Абзал Талтеновтың келген қонақтар мен студенттерге арнаған құттықтау сөзімен ашылды. Абзал Ахатұлы өзінің құттықтау сөзінде: «65 жылдық тарихы бар университетімізден оқып, білім мен тәлім-тәрбие алған көптеген түлектер республика көлемінде ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де жемісті еңбек етіп жүр. Біз өз түлектеріміз - Қазақстанның халық

жазушысы Фариза Оңғарсынованы, Қазақстан чемпионаттары мен КСРО халықтары спартакиадасының чемпионы, жеңіл атлетикадан КСРО еңбек сіңірген спорт шебері, Токио олимпиадасының күміс жүлдегері Әмин Тұяқовты, ҚР Парламент сенатының депутаты Сәрсенбай Еңсегенов, КСРО кубогінің екі мәрте иегері, Қазақстанның жеті дүркін чемпионы, боксшы Болат Теміровті, Пекин Олимпиадасының қола жүлдегері Арман Чилманов, КСРО Халық мұғалімі Құсиын Айтқалиевты басқа да қоғам қайраткерлері, ұстаздарды зор мақтанышпен ай-

тамыз. Университетте сіздер үшін барлық жағдай жасалуда және әлі де талай мүмкіндіктер жасалады. Ресми түрде студент қатарына қабылданған жастарымызға арман сапарына Атырау университетімен бірге барайық» деген тілегін арнады.

Кеш барысында дәстүрлі түрдегі 1-ші курс студенттерінің салтанатты Ант қабылдау рәсімі жүргізілді. Ант қабылдау рәсімінде студенттер жиналған көпшілік алдында өздерінің Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенті деген атақты зор мақтаныш тұтып,

оған адал болып, білім алуда тек алдыңғы шепте болатындарына уәде берді. «Студенттер қатарына қабылдау-2016» салтанатты шарасына Қазақстан эстрадасының жұлдыздары: Бейбіт Қорған, Қанат Әлжапаров, Олжас Абай, Қанат Үмбетов, Дана Кентайлар Атырау университетінің студенттері үшін өз өнерлерінен шашу шашып, бірінші курстықтарға тамаша тарту жасады.

Сағынбек АРОНОВ
Ақпараттық қамтамасыз
ету және веб-сайтты
дамыту бөлімінің басшысы



ЖОБАҒА ҚАТЫСУ

Жас ғалымдар үздік жобалар ұсынды

Атырау облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жариялаған қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісіне арналған ғылыми жобалар конкурсы өңірлік сайысының қорытындысында Атырау мемлекеттік университеті жас ғалымдарының жұмысы үздік деп танылды.

«Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты Айжан Бағытжанова ұсынған қазіргі кездегі еліміздегі тілдік жағдай жайындағы ғылыми жоба үздік жоба ретінде республикалық байқауға жолдама алып, облыстық «Қоғамдық келісім» мекемесі атынан дипломмен, 150 мың теңгемен марапатталды.

Үздік жұмыста екінші дәрежелі диплом мен 100 мың теңгелік сыйақыны университеттің жас ғалымдар кеңесінің төрайымы Альфия Салихова мен заң ғылымдарының магистрі Белла Тажғарина жеңіп алды.

Ғылыми жобалар конкурсының қорытындысына арналған салтанатты жиын Атырау мұнай және газ университетінде 2016 жылдың 18 қазанында өтті. Жиналыста байқаудың барысы, ұсынылған жобалар туралы Досмұхамедов университетінің баспасөз қызметінің жетекшісі Г.Кайргалиева, жас ғалымдардың ғылымдағы нәтижелері жайында заң магистрі А.Салихова, ағымдағы жылда ғылыми сарапшылар тобының атқарған жұмысы бағытында философия ғылымдарының докторы, профессор Ө.Бекежан баяндады. «Қоғамдық келісім» мекемесінің директоры Т.Аман-Турлиева салтанатты жиынды қорытындылап, ғылыми сарапшы топ мүшелеріне, жобаға қатысушыларға ризашылық білдірді.

Баспасөз қызметі



БІЛІМ

Академик дәрісі

Университетте тарих ғылымдарының докторы, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Көмеков Болат Ешмұхамбетұлы дәрістер оқыды.

Университеттің Әзербайжан мәдениеті мен тарихы орталығында өткен дәрістерде орта ғасырлардағы қала мәдениеті, мемлекеттіліктің дамуы мәселелері қамтылды.

Дәріс барысында белсенділікпен көзге түскен студенттер академик Б.Көмековтің қолтаңбасы бар кітаптарын сыйлыққа алды. Аталмыш дәрістер курсы профессор Болат Көмековтің Атырау университетінде өткен «Ұлттық тарихты зерделеудегі өлкетану: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы аясында мүмкін болды.

«Бірлік» бастауыш ұйымының төрағасы сайланды

Қазан айының 10-жұлдызында университеттің «Нұр Отан» партиясы «Бірлік» бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы өтті. Жиналысқа қалалық партия ұйымы саяси кеңесінің мүшесі Гүлмира Шәкірова қатысты.

Күн тәртібінің алғашқы мәселесінде «Бірлік» бастауыш партия ұйымының 2015-2016 жылдағы атқарған жұмысы туралы бастауыш ұйым төрағасының орынбасары Баянсулу Тыныбаева баяндады. Екінші мәселе бойынша университеттегі партия ұйымының төрағасы сайланды. Қалалық партия ұйымы саяси кеңесінің мүшесі Гүлмира Шәкірова төрағалыққа университет

ректоры м.а., химия ғылымдарының докторы, профессор Талтенов Абзал Ахатұлының кандидатурасын ұсынды. Ұсынысты «Бірлік» бастауыш ұйымының мүшелері бірауыздан қолдады. Сонымен қатар жиналыста бастауыш партия ұйымы бюросының мүшелері сайланды.

Жиналыс барысында «Нұр Отан» партиясының Атырау қалалық филиалының есеп-беру сайлау жиналысына делегат ретінде «Бірлік» бастауыш ұйымының жаңадан сайланған төрағасы А.Талтенов ұсынылды.

Гүлфайруз ҚАЙЫРҒАЛИЕВА

Победа в конкурсе первичных партийных организации

Первичная партийная организация «Бірлік» Атырауского государственного университета имени Халела Досмұхамедова признана лучшей «первичкой» партии «Нур Отан»!!! Совсем недавно были подведены итоги областного отборочного тура республиканского конкурса на лучшую первичную организацию партии «Нур Отан», который проходил в трех номинациях.



Основной показатель – численность организации, то есть в первой номинации членами жюри оценивались «первички» с численностью до 100 членов, во второй от 100 до 500 членов и в третьей от 500 членов и выше. Так, в номинации до 100 членов первое место было присуждено «первичке» «Сафон» села Сафон Курмангазинского района. Победителем следующей номинации стала первичная партийная организация «Бірлік» Атырауского государственного университета имени Халела Досмұхамедова. От 500 и выше первое место заняла «первичка» «Индер» села Индер Индерского района.

По словам заместителя председателя первичной партийной организации «Бірлік» Атырауского университета Баянсулу Тыныбаева «нуртановцы» универ-

ситета активно участвуют в общественной работе и в реализации партийных проектов. Проводятся среди членов «первички» тесты на знание Конституции РК, Устава первичной организации и других документов. Систематически проводятся акции «Сессия без взяток». В этом году 25 лаборантов и сотрудников университета побывали в Астане в День города столицы. 35 детей сотрудников отдохнули в летних оздоровительных лагерях. Преподаватели университета входят в состав различных комиссии областного филиала партии «Нур Отан», участвуя в разработке мероприятий и их реализации.

Всего на конкурс было подано заявок от 136 организаций. В следующий тур прошли 19 первичных организаций. Каждая из этих первичных парторганизаций осуществляет боль-

шую работу по пропаганде государственной политики, ежегодных Посланий Президента Нурсултана Назарбаева, вносит лепту в реализацию партийных заданий. Нужно отметить, что теперь из 19 победителей областного тура конкурса будут отобраны 3 первичных партийных организации, которые, по мнению жюри, смогут достойно представить Атыраускую область на республиканском конкурсе.

Основная цель конкурса выявление лучших первичных организаций партий «Нур Отан», распространение их опыта работы, формирование резерва партийных кадров для их последующего выдвижения на партийные и выборные должности.

Майя ЖУМАХАНОВА
Директор медиацентра



Абиш Кекилбаев: ЖИЗНЬ И ЛЕГЕНДА

В Атырауском государственном университете имени Халела Досмухамедова состоялся литературный вечер, посвященный памяти Абиша Кекилбаева.

Видный общественный и политический деятель, Герой труда Казахстана, народный писатель Казахстана, лауреат Государственной премии, академик Академии социальных наук, Почетный профессор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, Евразийского государственного университета имени Льва Гумилева.

Это все про Абиша Кекилбаева, который сумел соединить в себе, казалось бы, несовместимые для одного человека качества. Это высокое искусство писателя, чьи произведения поистине стали всенародно любимыми и та-

лант государственного деятеля, для которого интересы народа, были, прежде всего. Абиш Кекилбаев является автором прозаических произведений, известных не только на родине, но и далеко за ее пределами. Многие его произведения были переведены на иностранные языки.

До начала поэтического вечера, посвященного памяти писателя состоялось открытие Научного центра исследования литературного наследия Абиша Кекилбаева. Символическую ленточку по случаю торжественного открытия Центра разрезали аким Атырауской области Нурлан Ногаев и супруга пи-

сателя Клара Жумабаева.

Почетными гостями вечера памяти «Кемел елдің кемеңгер қаламгері», который прошел в актовом зале университета, стали супруга писателя, его дочь Саулет и сын Даулет Кекилбаев, государственные и общественные деятели Казахстана Омирбек Байгельды, Кенжегали Сагадиев, Зейнулла Алшымбаев, аким Атырауской области Нурлан Ногаев, депутат Мажилиса Парламента РК, председатель республиканского Совета ветеранов Бактыкожа Измухамбетов, писатель, лауреат Государственной премии РК Кажығали Мухамбеткалиев, акын, поэтесса, общественный деятель Акуштап Бахтыгереева, писатель, лауреат премии Президента РК Мереке Кулкенов, известный кюйши, Почетный профес-

сор Казахской национальной консерватории имени Курмангазы Сержан Шақратов, друг Абиша Кекилбаева Лебен Садуақасов. Ведущим литературного вечера стал заслуженный деятель РК, лауреат международной литературной премии «Алаш» Утеген Оралбаев. Каждый из гостей поделился своими воспоминаниями об Абише Кекилбаеве.

В ходе вечера студенты прочитали отрывки из произведений писателя.

Народный писатель Абиш Кекилбаев родился 6 декабря 1939 года в селе Онды, тогда Гурьевской области (Мангистауская область). Он перевел на казахский язык романы Мопассана «Пьер и Жан», «Жизнь», повесть Чингиза Айтматова «Ранние журавли». Принимал участие в переводе романа-

эпопеи «Война и мир» Льва Толстого, ряда произведений И. Бунина. В переводе Абиша Кекилбаева в репертуар театров республики включены пьесы «Король Лир», «Ромео и Джульетта» Шекспира, «Принцесса Турандот» Гоцци, «В ночь лунного затмения» М. Карима, «Дон Жуан, или Любовь к геометрии» Фриша и многие другие.

Кроме того, нужно отметить, что трем студентам Атырауского университета были присуждены стипендии имени Абиша Кекилбаева. Торжественное вручение специальных сертификатов также состоялось в рамках литературного вечера. Завершилось мероприятие концертной программой.

Майя СЕРІКҚЫЗЫ





Посол Индии посетил АГУ

В Атырауском государственном университете состоялся концерт индийской классической ситарной музыки, посвященный 25-летию Независимости Казахстана, 25-летию дипломатических отношений и сотрудничества между Республикой Казахстан и Индией, а также 70-летию Независимости самой Индии.

Концерт ситарной музыки в исполнении известной артистки Индии, победительницы многочисленных международных конкурсов

Фестиваля индийской культуры в Казахстане. Это мой первый визит в Атырау, но не последний. Между Казахстаном, и в частности с

Фестиваля индийской культуры в Казахстане. Это мой первый визит в Атырау, но не последний. Между Казахстаном, и в частности с

Фестиваля индийской культуры в Казахстане. Это мой первый визит в Атырау, но не последний. Между Казахстаном, и в частности с

Майя СЕРИККЫЗЫ

Смиты Нагдев, состоялся в рамках Дней культуры Индии в Казахстане. Смиты – дочь известного в Индии художника Сачида Нагдев, начала обучение на ситаре в четыре года. Сегодня она является виртуозом классической индийской музыки. Нужно отметить, что решение проводить дни культуры двух стран, было принято в прошлом году в ходе визита Премьер-министра Индии в Астане. В связи с чем, в ряде городов Казахстана прошли концерты классической ситарной музыки и творческого коллектива культурного центра Раджастана. Концерт в Атырау совпал с Днем города. Чрезвычайный и Полномочный Посол Индии в Республике Казахстан Харш Кумар Джайн поздравил студентов и преподавателей университета с важным событием Атырау!

«Сегодняшний концерт является частью недельного

Фестиваля индийской культуры в Казахстане. Это мой первый визит в Атырау, но не последний. Между Казахстаном, и в частности с



Гостевая лекция посла Азербайджана

Студенты Атырауского университета встретились с Чрезвычайным и Полномочным Послом Азербайджана в Казахстане. По сложившейся традиции почетного гостя – Чрезвычайного и Полномочного Посла Азербайджана в Казахстане Рашада Маммадова встретил и.о. ректора Абзал Талтанов. Первым делом гости осмотрели музей истории и развития вуза, который открылся в университете в преддверии профессионального праздника – Дня учителя.

Затем господин Рашад Маммадов выступил с лекцией перед студентами. Как отметил во время встречи лекции со студентами Рашад Маммадов, в этом году 25-летие своей независимости наряду с Казахстаном отмечает и Азербайджан. За все эти годы между двумя суверенными государствами сложились тесные связи в сферах экономики, торговли, культуры и образования. Связывает наши страны и история,

юза многие республики, в том числе и Азербайджан, испытывали трудную экономическую ситуацию. Сегодня спустя четверть века можно с уверенностью сказать, что Азербайджан, как и суверенный Казахстан, стал полноправным членом мирового сообщества.

Нужно отметить, что в рамках развития двухстороннего сотрудничества между Казахстаном и Азербайджаном, в том числе и в сфере образования, еже-



которая исчисляется не одним столетием. Схожи у двух братских народов – казахов и азербайджанцев культурные ценности, традиции и языки. 25 лет независимости в масштабах истории, по сравнению с государствами, которые имеют тысячелетнюю историю, один миг. Однако, каждый его месяц и год уходил на то, чтобы заново отстроить уже суверенный Азербайджан, подчеркнул Чрезвычайный и Полномочный Посол Рашад Маммадов рассказывая студентам об истории становления страны. Ведь после развала Советского Со-

годно студентам казахстанских вузов присуждаются гранты имени Гейдара Алиева. В числе стипендиатов есть и студенты Атырауского государственного университета имени Халела Досмухамедова.

После завершения познавательной и интересной лекции Чрезвычайного и Полномочного Посла Азербайджана в РК, который также является Почетным профессором Атырауского государственного университета, студенты смогли задать свои вопросы.

Майя ЖУМАХАНОВА

БОЛЬШЕ МАТЕРИАЛОВ
НА НАШЕМ САЙТЕ WWW.ATGU.KZ

Parlons français! Письмо из Пуатье!



Добрый вечер!

Спасибо за Ваше беспокойство и понимание. Приносим свои извинения за то, что временами пропадаем и не выходим на связь. В целом с нами все хорошо, привыкли к городу и университету. На прошлой неделе сдали свои первые зачеты, со следующей недели начнутся выступления (презентации, диссертации). Занятия идут полным ходом, некоторые задания по предметам делаем совместно в группе с иностранными студентами, что помогает нам обогатить наш словарный запас, а также узнать культуру других стран.

Познакомились со многими студентами, обучающимися по программе Эразмус, чувствуем себя как одна большая семья. Так например, 20 октября 2016 г. всех студентов нашего факультета, обучающихся по программе Эразмус, центр Международных отношений собрал вместе и организовал мероприятие в стиле небольшого фуршета. На этом мероприятии мы познакомились со многими студентами из разных стран.

Пуатье (фр. Poitiers) – главный город французского департамента Вьенна, исторический центр области Пуату.

Университет Пуатье (фр. Université de Poitiers) – французский публичный университет в Пуатье, один из старейших во Франции.

Позже по приглашению мэра города, которое мы получили по приезду в город вместе с ознакомительными брошюрами, состоялась встреча с мэром города, представителями университета Пуатье, организаторами вечера в центральной мэрии. Мэр города выступил с приветственной речью, после чего была сделана совместная фотография со всеми иностранными студентами, был организован небольшой фуршет. Благодаря таким встречам мы знакомимся с новыми людьми. Например, познакомились с одной девушкой из Казахстана, которая учится в магистратуре. Были очень рады увидеть соотечественника.

Кари́на ИВАНОВА
Аида СЕЙДЕКЕШЕВА
Студентки 3-курса

О ПРОГРАММЕ ERASMUS+
Эразмус+ это новая программа Европейского Союза на период с 2014 по 2020 гг., направленная на поддержку проектов, сотрудничества, академической мобильности в области образования, обучения, спорта и молодежной политики. Подробная информация о программе на английском языке доступна на сайте: www.ec.europa.eu/programmes/erasmus-plus/index_en.htm.

Қытайды мойындатты

Биылғы оқу жылында Қытай мемлекетінде оқуға мүмкіндік алған студенттің бірі – Биназир Бағдатқызы. Биназир – гуманитарлық ғылымдар және шет тілдері факультетінің «Шетел тілі екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті, Атырау университетінің озат және көшбасшы жастарының бірі. Жақында Биназирмен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Мен қазіргі уақытта Қытай мемлекетінің Цзянси провинциясы, Нанчан қаласында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алудамын грант негізінде. Одан бұрын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде үш жыл көлемінде қытай тілін оқыдым. Университеттегі білікті де, білімді ұстаздарымның берген білімі арқасында Қытай тілінен емтихан тапсырып HSK 4 деңгейін алдым. Сонымен қоса, Қазақстандағы Қытай мемлекетінің өкілі Конфуций институтының ұйымдастыруымен өткен «Қытай тілі көпірі» сайысына қатыстым. Сайыста жақсы көрсеткішке ие болдым. Содан кейін Қытай мемлекетіне оқуға

сегізден бастап екі мезгіл сабақ өтеді. Қытай тілі деңгейім уақыт өте тезірек жетіліп жатыр деп айта аламын.

Жергілікті тұрғындармен өзара қарым-қатынас қандай?

– Өте жақсы. Қазіргі кезде біраз қытайлық достар таптым. Олармен қытай тілінде сөйлесіп, Қытай мәдениеті, халқы, тұрмысы туралы біраз хабардар болдым. Нанчан қаласына алғаш келген уақытта үйренісу қиындау болды. Өйткені шет мемлекет, басқа мәдениет, өзге халық. Алайда, Нанчан қаласының тұрғындары қонақжай, көмектесуге дайын тұратын, кейбір жерде қазақ халқына ұқсас келеді. Олар Қазақстан туралы сұрақтар қояды, олар үшін өте қызықты. Біз



құжаттарымды тапсырдым. Бір ай ішінде маған өзім таңдаған университеттен хат келіп, әңгімелесуден өттім. Болондық оқу үдерісі бөлімі университеттегі құжаттармен көмектесті.

Неге Қытайды таңдадың?

– Өйткені менің мамандығым – қытай тілі. Элемдегі ең қиын тілдің бірін игеру менің басты мақсатым. Қытайда тілдік орта болғандықтан сол тілде тезірек сөйлеп, жазып үйрену мүмкіндігім бар. Әрі қазіргі кезде Қытайдың даму деңгейі өте жоғары. Болашақта осы тілді жақсы меңгеріп Қытай мемлекеті мен Қазақстан арасында ортақ келісім шарттармен жұмыс жасағым келеді.

Неге осы университет?

– Шынымды айтсам, мен бұл университет жөнінде ғаламторда бір мақала оқыдым. Цзянси провинциясы Нанчан қаласы Қытайдың оңтүстік бөлігінде. Бұл жердің климаты өте қолайлы, табиғаты керемет, жасыл желекті, ауа райы да жылы. Нанчан педагогикалық университеті 79 жылдық тарихы бар ең танымал университеттің бірі.

Оқу үдерісі қалай?

– Оқыту үдерісі қытай тілінде өтеді. Қытай тілінен сөйлеу, тыңдау, грамматика, каллиграфия, Қытай тілі деңгей емтиханына дайындық сабағы өтеді. Мұғалімдердің сабақ үйрету әдісі өзіме қатты ұнайды. Барлығы қытай тілінде түсіндіреді. Біздің білім беру жүйесінен айырмашылығы аптасына бес күн, таңертеңгі

дос болған қытайлық достарымызға қазақша есімдер береміз. Оларға өте ұнайды.

Өзің сияқты шетелден келген студентерге қандай мүмкіндіктер бар?

– Шетелдік студенттер үшін оқудан басқа көптеген мүмкіндіктер бар. Сабақтан бөлек ақысыз түрде каллиграфия, музыкалық аспапта үйрену, дебат клубы, спорттық ойындар клубы, қытай тілі ұйымы бар. Студенттік өмірім өте қызықты өтуде. Жақында шетелдік студенттер арасында бірнеше тұлран тұратын тіл білімі сайысы өтті. Сол сайыста маған жүргізуші болу керемет мүмкіндігі түсті. Көптеген шетел студенттер арасынан Қазақстаннан келген маған сондай мүмкіндік берілгеніне қатты қуандым. Мадагаскар мемлекетінен келген магистрантпен бірге осы сайысты жүргіздік.

Басқа мемлекеттерден студенттер бар ма?

– Шетелдік студенттердің барлығы әр түрлі мемлекет азаматтары. Америка, Африка, Индонезия, Қазақстан, Қырғызстан, Тайланд, Корея, Мадагаскар, Ресей, Украина, Канада, Япония, Камбоджия мемлекетінен келген студенттер бар. Өзімнің тобымда Мадагаскар, Африка, Тайланд, Камбоджиядан келген студенттермен оқимын.

Қандай кеңес айтар едің?

– Мүмкіндіктер көп, тек оны жіберіп алмау керек, ең бастысы, талап, мақсат, алға ұмтылу! «Век живи – Век учись» деген емес пе!!!

Айнұр КЕҢЕСОВА

ТАНЫСЫҢЫЗ, ӘСКЕРИ КАФЕДРА



Әскери кафедра басшысы, полковник
Қуандық Амангелдіұлы Бердіғалиев

Қуандық Амангелдіұлы, биылғы оқу жылының бір ерекшелігі – оқу орнында әскери кафедраның ашылуы. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әскери кафедрасы өз жұмысын қашан бастады?

– Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әскери кафедрасы биылғы 2016-2017 оқу жылынан өз жұмысын бастап жатыр. Біздің университетіміздің әскери кафедрасы күні бүгінде Атырау облысындағы бірден-бір жалғыз әскери кафедра болып табылады. Бұл біз үшін зор мақтаныш, сонымен бірге, көптеген жауапкершіліктер жүктейді. Болашақта әскери кафедрамыз заманға сай, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үшін бар күш-жігерімізді салатын боламыз. Ол үшін бізде материалдық-техникалық база да, инженерлік-техникалық персонал да жеткілікті түрде жолға қойылып жатыр. Жалпы Атырау университетінде әскери кафедра ашу жұмысы 2-3 жыл бұрын қолға алынған болатын. Алғашында рұқсат алу үшін ҚР Білім және ғылым министрлігіне, Қорғаныс министрлігіне қызметтік хаттар жазылып, әр түрлі деңгейлердегі тексерістерден соң ғана

2016–2017 оқу жылындағы жағымды жаңалықтың бірі – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде әскери кафедраның ашылуы. Қазан айының 1-ші жұлдызынан бастап кафедраға қабылданған жүз курсант сабақтарына кірісіп кетті. Әскери кафедра Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 07 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен Қорғанысы туралы» Заңының 7 бабының 6 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылдың 10 маусымындағы №344 Қаулысы негізінде жұмыс жасайды.

арнайы үкіметтің арнайы қаулысымен Атырау университетінің әскери кафедрасы құрылды.

Әскери кафедраның оқытушылық, инженерлік-техникалық құрамына тоқтала кетсеңіз?

– Әскери кафедрада студенттерге инженерлік-техникалық құрам мүшелері сабақ береді. Сонымен қатар, студенттердің әскери білім мен тәрбие алулары үшін оқу-көмекші персоналдар да қызмет көрсетеді. Әскери кафедраның профессор-оқытушылық құрамының сапалық сипаттамасына толық тоқталсақ. Олар: полковник Қуандық Бердіғалиев – әскери кафедра басшысы, 1 рангалы запас капитаны Мәрат Мейрамов – цикл бастығы, 2 рангалы запас капитаны Елгульдинов Ербол – цикл бастығы, запастағы капитан Сүйінішқалиев Жасұлан – оқытушы, запастағы аға лейтенант Джунусбеков Ернур – оқытушы.

Әскери кафедрада қазіргі таңда қанша студент оқып жатыр және олар қандай мамандықтар бойынша білім алады?

– Иә, Атырау университетінің әскери кафедрасында Қорғаныс Министрлігінен алынған рұқсат бойынша 2016 жылдың 26 қыркүйегі мен 5 қазаны аралығында бірінші рет студенттерді қабылдау жүргізіліп, қазіргі күні университеттің 100 студенті білім алуды бастады. Әскери кафедраға қабылдау 2-3-курс студенттерінің жазылған жеке өтінішінің негізінде,

арнайы құжаттарды жинау арқылы жүргізіледі. Әскери кафедра жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамдарды әскери қолдану, корабелдік радиотехникалық құралдар мен байланыс құралдарын жөндеу мен пайдалану, арнайы үгіттерді ұйымдастыру,



идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша запастағы офицерлерді дайындайды.

Жалпы әскери кафедрада білім алу университет студенттеріне қандай артықшылықтар бере алады?

– Әскери кафедрада білім алған студенттер өздері таңдаған мамандықтары бойынша бакалавр дипломын алған кезде запастағы офицер атағын бірге иеленіп шығады. Олар запастағы офицер ретінде Қазақстан Республикасы Қарулы күштері әскерлері қатарына ҚР Қорғаныс министрлігінің келісімшартымен офицер лауазымына жұмысқа орналаса алады. Себебі, жыл сайын Қорғаныс министрлігі Қарулы күштерге офицер мамандар жетіспегендіктен әскери кафедралары бар азаматтық жоғары оқу орындарын бітірген мамандарды келісімшарт негізінде жұмысқа алады. Әскери ка-



федралары бар азаматтық жоғары оқу орындарын бітірген офицерлердің артықшылықтары Қорғаныс министрлігінің келісімшарты негізінде 3 жылға офицер лауазымы қызметін атқара алады. Әскери қызметін жалғастырамын десе әскер қатарында қалуына толық болады. Оларға әскери офицерлерге берілетін жоғары еңбекақы, баспана мәселесінің шешілуі, әлеуметтік сақтандырулар сияқты барлық әлеуметтік-тұрмыстық жеңілдіктер беріледі. Атырау университетінің әскери кафедрасында 2-3 курс студенттері 2 жыл оқиды. Екі жыл оқудың соңына қарай жалпы әскери жиын өткізіліп, мемлекеттік емтихан тапсырылады. Одан соң диплом алғанда запастағы офицер атағын да алып шығады. Ал, Қарулы күштер құрамына әскери қызметке орналасқысы келетін студенттер әскери кафедрада оқып жүрген кездерінде алдын ала Қорғаныс министрлігіне өтініштерін жаза алады.


Қуандық Амангелдіұлы, Сізге сұхбатыңыз үшін алғыс айтамыз. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің әскери кафедрасының жұмысына зор табыстар тілейміз.

Сағынбек ЖЕҢІСҰЛЫ
ҚР Журналистер
Одағының мүшесі

О, СПОРТ! СЕН КҮЛЛІ ӘЛЕМСІҢ

2016 жылдың 2-ші қарашасы күні Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің акт залында халықаралық ареналарда ел намысын қорғап жүрген Атырау университетінің студент-спортшыларымен кездесу кеші болып өтті.

Аталмыш шараға Халықаралық дәрежеде Қазақстанның атын қорғап жүрген студенттеріміз бен Ағымдағы жылда Бразилияның Рио-де Жанейро қаласының «Маракана» стадионын шулатып өткен жазғы Паралимпиада ойындарында дзюдодан 7-ші орын иеленген Әнуар Сариев қатысты. Кешті университеттің дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасы ұйымдастырды. Кездесудің құрметті қонақтары болып Атырау университетінің түлектері, әр жылдарда халықаралық ареналарда спорттан ел намысын қорғаған, бүгінде облысымызда спорт салаларын басқарып жүрген бір топ азаматтар шақырылды. Олар: университетіміздің түлегі, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2008 жылғы Пекинде өткен және 2012 жылғы Лондонда өткен Олимпиадаларға қатысушы, Дзюдодан, Самбодан, Қазақ күресінен ҚР бірнеше дүркін чемпионы, Атырау қаласының су спорт түрлері кешенінің басшысы Ринат Ибрагимов Хисаұлы, университетіміздің түлегі ХДСШ, кикбоксан Әлем чемпионы, Азия кубогінің күміс жүлдегері. ҚР кубогінің иегері. Атырау қалалық Денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айтқалиев Марат Қабайұлы, Қазақстан патриоты журналының шеф редакторы, Президент және халық газетінің тілшісі Бахтияров Еркін Серікқалиұлы, университетіміздің Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Идрисов Саламат Нурмуханұлына, университетіміздің Денешынықтыру кафедрасының меңгерушісі Профессор ҚР-на Еңбек сіңірген жаттықтырушы Аралбаев Алпысбай Сейтқалиұлы. Атырау университетінің студент - спортшыларымен кездесу кешіне шақырылған қонақтарға қош келдіңіздер айтып



университеттің Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Саламат Нурмуханұлы Идрисов ашты. Саламат Нурмуханұлы қазіргі таңда университетімізде 4 Халықаралық дәрежегі спорт шебері, 15 спорт шебері және 39 спорт шеберіне үміткер спортшылар білім алып жатқандығын айтып кетті. Одан соң ел намысын қорғап жүрген университетіміздің спортшы-студенттері зор құрметпен сахна төріне шақырылды. Олар: Дзюдодан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2015 жылы Кореяда өткен Әлем чемпионатының қола жүлдегері, Риода өткен XV Паралимпиада ойындарына қатысушы Өнер және спорт факультетінің Денешынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының 2 - курс студенті Сариев Ануар Берікұлы, Самбодан спорт шебері, ҚР бірнеше рет чемпионы, 2016 жылғы Жастар арасында Әлем чемпионы, Өнер және спорт факультетінің Денешынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының 3 курс студенті

Самиғоллаева Эльмира, Бокстан ХДСШ 2013 жылғы Жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2014 жылғы Жастар арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2015 жылғы Студенттер арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2016 жылғы Әйелдер арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері Өнер және спорт факультеті Денешынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының 2 курс студенті Ищанова Назым, Муай-тайдан ХДСШ, ҚР 10 дүркін чемпионы, 2011 жылғы Әлем чемпионатында 3 орын, 2012 жылғы Европа чемпионатында 3 орын, 2012 ж. Әлем чемпионатында 2 орын, 2013 ж. Әлем кубогінің иегері, 2013 ж Европа чемпионатында 2 орын, 2014 ж. Европа чемпионатында 2 орын, 2015 жылғы Студенттер арасында Әлем чемпионатында 3 орын, 2015 жылғы Әлем чемпионатында 3 орын, 2016 ж. Әлем чемпионатында 3 орын. Азия ойындарында 2 орын алған 4 курс студенті Галиев Ишан Мейрамұлы, Самбодан

Спорт Шебері 2014 жылғы Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 2015 жылғы Азия чемпионы Дзюдодан және Самбодан 3 дүркін ҚР чемпионы. Қазақ күресінен 2 дүркін ҚР чемпионы 1 курс студенті Сүлейменова Анель, Самбодан СШ, ҚР бірнеше чемпионы, дзюдодан, самбодан халықаралық турнирлердің жеңімпазы, 2014 жылғы Азия чем-н қола жүлдегері, 2015 жылғы Азия чемпионатының күміс жүлдегері, 2016 жылғы Азия чемпионатының жеңімпазы 2 курс студенті Айдынбай Қайырберді, Дзюдодан ҚР чемпионы, самбодан ҚР чемпионы, Евразия ойындарының қола жүлдегері, ҚР Спартакияда чемпионы, Самбодан 2015 жылғы Азия чемпионы, 2 курс студенті Ашықбаев Райымбек, Самбодан СШ, 7 дүркін ҚР чемпионы, Дзюдодан жасөспірімдер арасында 2 дүркін ҚР чемпионы, Самбодан 2013 ж. Азия чемпионы, 2014 ж. Әлем чемпионатының қола жүлдегері. Евразия ойындарының күміс жүлдегері 1 курс студенті Болатбекұлы Даурен, Кикбоксан ХДСШ 3 дүркін ҚР-ның чемпионы, 2014 жылғы Әлем чемпионатының қола жүлдегері, 2016 жылғы Әлем кубогінің иегері 2 курс студенті Өтемісов Азамат. Кездесу барысында студентіміз Әнуар Сариевқа университет атынан 50 000 тг ақшалай сертификат табысталып, «Қазақстан Патриоты» журналының шеф редакторы, «Президент және Халық» газетінің тілшісі Еркін Бахтияров «Қазақстан патриоты» медалімен марапаттады. Кеш қонақтары сөз алып, университеттің оқытушылар құрамы мен студенттеріне, кездесуді ұйымдастырушыларға зор рахметтерін айтып, ел намысын қорғап жүрген спортшы-студенттерімізге алға қарай да мол жетістіктер мен табыстар тіледі.

Олимпиадалық қозғалыстың белсенді қайраткері Пьер де Кубергон: «О, спорт! Сен күллі әлемсің» деп бекер тұжырым жасамаған шығар. Ендеше бізде, күллі әлемі спортқа айналған студенттерімізге жеңісті күндеріңіз көп болсын дейміз!

Әнел МАРАТОВА
2-курс студенті



МЕРЕЙ – президент!

6 октября в университете состоялись выборы президента студенческого самоуправления. Голосование проходило в течение одного дня. Выборы проходили на основе всеобщего равного и прямого избирательного права при тайном голосовании.



До выборов президента университета студенческим активом была проведена большая подготовительная работа. В начале факультеты выдвинули по одному кандидату. От факультета гуманитарных наук и мировых языков студентка 3-го курса – Гульдана Ертугел, от факультета искусства и спорта студент 2-го курса – Айбек Нурым, от факультета инновационного обучения студентка 1-го курса – Салтанат Кубайдолла, от факультета физики, математики и информационных технологий студентка 1-го курса Айбиби Жаксылык, от факультета естественных наук студентка 2-го курса – Наргиз Сапаева и от факультета экономики и права студент 2-го курса Арыстан Мерей.

Выбор кандидатов основывался на том, что студенческим президентом должен стать человек, способный не только креативно и нестандартно мыслить, но и принимать решения, а также отстаивать свою точку зрения, грамотно ее аргументируя. Затем каждый из них получил возможность подготовить свою предвыборную программу. Об основных направлениях предлагаемых реформ, кан-

дидаты в президенты озвучили за день до выборов.

По итогам голосования из шести кандидатур наибольшее количество голосов набрал студент 2 курса факультета экономики и права – Мерей Арыстан. Нужно отметить, что выборы студенческого президента были организованы в целях создания в университете системы самоуправления.

На должности вице-президента университета назначены студентка факультета экономики Индира Ахмедова, факультета инновационного обучения Гульназ Торегельдиева и студент факультета экономики Нурбол Сабыров. Министром культуры назначен Куаныш Жардемов, студент факультета гуманитарных наук и мировых языков Асланбек Куанышев и студентка факультета естествознания Наргиз Сапаева назначены на должность Министра образования университета. Министром спорта стал Азамат Болатов, а Министерство СМИ будут курировать сразу два студента – будущий историк Айдос Каримов и математик Айбиби Жаксылык.

Майя ЖУМАХАНОВА

Өнер және «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА»

Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының аға оқытушысы Камила Жапалова Астана қаласында өткен республикалық көрмеге қатысып келді.

Бұл көрмеге еліміздің 7 аймағынан 50-ден аса көркем және қолданбалы өнер саласының шеберлері, оның ішінде жас кәсіпкерлер, түрлі бағыттар бойынша өз жұмыстарын ұсынды. Республикалық көрмені өз кәсібін бастаған кәсіпкер әйелдерді қолдау

мақсатында «Коалиция «жасыл экономика» және G-Global» дамыту үшін» Ұлттық қоғамдық үкіметтік емес ұйымы ұйымдастырды. Шеберлер көрмеге негізінен экологиялық таза материалдардан жасаған бұйымдарын ұсынған.



МӘДЕНИЕТ

Ұжыммен театрға!

Атырау университетіндегі игі бастамалардың бірі – театрлық қойылымдарға бару. Қазан айының басында университет ұжымы Махамбет атындағы Атырау облыстық драма театрының жаңа қойылымы – Рахымжан Отарбаевтың «Двойник» спектаклінің премьерасына барған болатын. Ал 8 қараша күні театрға «Болмаған оқиға» спектакліне ұйымшылдықпен барған ұстаздар мен студенттер өнер әлеміне тағы бір қадам жақындай түсті.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
060011, Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
Г.Қайырғалиева – редактор, 27-63-29
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
Е.Қоянғалиев, Е.Мутигуллин – фотографтар
А.Кенесова – хатшы
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Самал Альдешова, Майя Жұмаханова
Сағынбек Аронов, Әнел Маратова

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 6 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #294
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы,
Жарбосынова көшесі, 5 үй
Тираж 5000 дана